

«Бекітемін»

№1 «Акерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы Н. Санкебаева



Ата-аналар жұмысының жылдық жоспары

«Балдәурен» ересек тобы

Тәрбиешілер: Тажибаева Н
Шманова А

Қазалы қаласы 2024-2025 оқу жылы

Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата – ананның ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек айы 1.Ата – аналарды 2024– 2025 оқу-жылының жоспары мен таныстыру. «Кәнеки танысайық» 2. Ата – аналар комитетін сайлау. 3. Баяндама: Баланы ата-ана тәрбиелейді,Ата-ананы кім тәрбиелейді?	Ата – аналар жиналысы. 1. Жаңа оқу жылы басталды. Балалардың кун тәртібі, тазалығы. Келісім шарт толықтыру. 3. Баяндама: Баланы ата-ана тәрбиелейді,Ата-ананы кім тәрбиелейді? 4. Ата-анаға кеңес: «Тұмау және ЖРВИ алдыналу»	Әдіскер: Санкебаева Н.Ш Медбике: Ашықбай С Тәрбиеші: Тәжібаева Н Психолог: Тлеумбетова Ф
2	Желтоқсан айы 1«Егер бала тұйық болса » 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. 3. І- жарты жылдық қортынды. 4. Жаңа жылдық шараға дайындыққа ойластық.	Ата-аналар жиналысы. 1-жарты жылдық есеп беру 2. Жаңа жылдық шараға байланысты пікірлер. 3. Баяндама: «Егер бала тұйық болса » 4.Кеңес:«Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері»	Тәрбиеші: Шманова А
3	Ақпан 1.« 8-наурыз Аналар мерекесі » 2. « Тәрбие тірегі – халық мұрасы » 3. « Қазақтың ою – өрнектері »	Ата-аналар жиналысы. 1.Көктем мерекелерімен құттықтау. 2. .Көрме: « Анашым! Мен сізді жақсы көремін!» 3.Кеңес:«Баланы неше жасында мектепке берген дұрыс»	Топ тәрбиешісі: Тәжібаева Н
4	Мамыр айы 1. ІІ- жарты жылдық қортындысы. 2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. 3. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.	Ата-аналар жиналысы. 1.Мамыр мерекелерімен құттықтау 2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау. 3.Баяндама « Балабақша –біздің үй» Ата-аналар комитетінің есебі.	Тәрбиеші: Шманова А



Ата-аналар жиналысының хаттамасы

«Балдәурен» ересек тобы
Қатысуға тиісті: 20
Қатыскандар: 16
Себепті: 4

15.09.2024ж

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. «Балдәурен» ересек тобының ата – аналарымен танысу, балабақшамен келісім шартқа отыру.
2. Баяндама: Баланы ата-ана тәрбиелейді, Ата-ананы кім тәрбиелейді?
3. Ата-ана комитетін сайлау

Ата – аналар жиналысы онлайн түрде жүргізілді.

Тыңдалды

1. Тәрбиеші ата-аналарды «Танысайық бәріміз» тренинг арқылы бір-бірімен және топ тәрбиешілерімен таныстырды.
2. Баланы ата-ана тәрбиелейді, Ата-ананы кім тәрбиелейді? тақырыбында баяндама оқылды және қазіргі жағдайға байланысты балалардың жылы киінуі және балабақшаға маскамен келуді тапсырды.
3. Тәрбиеші ата-аналармен пікірлесе отырып ата - аналар комитетін сайлап алуды ұсынды. Ата-аналар бір ауыздан Мырзагулова Гүлмираны сайлады. Ата – ана комитетінің мүшелеріне Жемсікбай Арайлымды сайлады.

Шығып сөйлегендер:

Ата – ана Ахметова Гүлнар баяндама туралы өз ойын білдірді, ата – ана комитетінің төрайымы Инжудың болғанына қарсы еместігін айтты.

Ата – ана Ермекбаева Каракуз ата – ана комитетін сайлау туралы және баяндамадан жақсы мағұлматтар бергендігін айтты. Ата – ана «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы » тақырыбындағы баяндамаға қанағаттанарлық деп өз бағасын берді. Балабақшадан балаларды себепсіз қалдырмайтынын айтты.

Қаулы

1. Ата- аналармен үздіксіз байланыс орнап, қарым-қатынас бекінсін. Балалардың балабақшадан қалмауы және тазалығы қадағалансын және гигиеналық шаралардың орындалуын мақсат етілсін. Ата – ана мен балабақша арасындағы келісім шарт бекітілсін.
2. «Балабақша және отбасы ынтымақтастығы » баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Ата - аналар комитеті сайлансын.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:

Хатшысы:



Ата-аналар жиналысының хаттамасы

12.12.2024 ж

«Балдәурен» ересек тобы

Қатысуға тиісті: 20

Қатысқандар: 17

Себепті: 3

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 1-жарты жылдық есеп беру
2. Жаңа жылдық шараға байланысты пікірлер.
3. Баяндама: «Егер бала тұйық болса»
4. Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері»

Тыңдалды

1. Тәрбиеші: бес білім саласы бойынша жарты жылдық берілген білім қортындысы туралы әңгімеледі. Нәтиже қортындысын көрсетті.
2. Жаңа жылдық шараға байланысты пікірлер.
3. «Егер бала тұйық болса» тақырыбында психолог: баяндама оқыды.
4. Ата – аналарға мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері туралы кеңес берілді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде **қаулы** етті.

1. Балалардың білімділігін арттыру мақсатында тиімді жұмыстар жүргізілсін.
2. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын мақсат етілсін.
3. Жаңа жылдық іс-шараға бір ауыздан атсалысамыз.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:



Хатшысы:



Ата-аналар жиналысының хаттамасы

«Балдәурен» ересек тобы
Қатысуға тиісті: 20
Қатысқандар: 17
Себепті: 3

11.02.2025ж

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1.« 8-наурыз Аналар мерекесі » Көктем мерекелерімен құттықтау.
2. « Тәрбие тірегі – халық мұрасы » Көрме: « Анашым! Мен сізді жақсы көремін!»
3. « Қазақтың ою – өрнектері » Кеңес: «Баланы неше жасында мектепке берген дұрыс»

Тыңдалды

1. Тәрбиеші: Көктемнің алғашқы мерекесі 8 – Наурыз мерекесімен ата – аналарды құттықтады
2. Аналар мерекесіне арналған балалардың жасаған жұмыстарымен ата – аналары танысты. 8-22 наурыз мерекесіне байланысты, қажетті киімдер мен безендіру жұмыстары туралы пікір алысты.

Жоғарыда аталғандардың негізінде қаулы етті.

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер бірлесіп жұмыс жасасын.
2. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын мақсат етілсін.

Ата-аналар жиналысының төрайымы:



Хатшысы:



**«Балдәурен» ересек тобының ата-аналар жиналысының
№4 хаттамасы**

Өтілген күні: 08.05.2025 ж.

Топ: «Балдәурен» ересек тобы

Қатысуға тиісті: 20 ата-ана

Қатысқандар: 15 ата-ана

Себеptі қатыспағандар: 5 ата-ана

Жиналыстың күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылында атқарылған тәрбие-білім беру жұмыстарының қорытынды есебі.
2. «Жүрек жылуы» тақырыбындағы психологиялық тренинг.
3. «Жазғы кезеңде баланың денсаулығын нығайту және қауіпсіздік ережелері» тақырыбындағы медициналық баяндама.
4. «Ата-ана балабақшаға келгенше балаға не үйретеді?» тақырыбындағы ата-аналарға арналған сауалнама қорытындысы.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі А. Шманова сөз алып, «Балдәурен» ересек тобының 2024-2025 оқу жылындағы іс-әрекеттері мен тәрбие-білім беру үдерісінің қорытынды есебін оқыды. Тәрбиеші жыл бойы балалардың ересек топ бағдарламасы бойынша меңгерген білімдерін, логикалық ойлау, тіл дамыту, қоршаған ортамен танысу және математикалық қарапайым түсініктерді қалыптастыру бағытындағы жетістіктерін атап өтті. Балалардың дербестігі, мектеп алды даярлыққа көшу деңгейі сараланды. Ата-аналар оқу жылы бойы жасалған жұмыстарға оң баға беріп, тәрбиешіге алғыстарын білдірді.


2. Екінші мәселе бойынша: Күн тәртібіндегі екінші мәселе аясында ата-аналар мен тәрбиеші арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту мақсатында «Жүрек жылуы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында ата-аналар бала тәрбиесіндегі жылылық пен мейірімнің маңызы туралы ой бөлісіп, «Мен баламды мақтан тұтамын, өйткені...» атты интерактивті жаттығуды орындады. Бұл шара жиналысқа қатысушыларға жағымды көңіл-күй сыйлады.


3. Үшінші мәселе бойынша: Балабақша медбикесі С. Ашықбай «Жазғы кезеңде баланың денсаулығын нығайту және қауіпсіздік ережелері» тақырыбында баяндама жасады. Медбике жазғы демалыс уақытында балалардың күн өтуінен сақтану, суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік, табиғат аясындағы сақтық шаралары және ішек инфекцияларының алдын алу жолдарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Сонымен қатар, жаз айларында бала ағзасын шынықтыру, дұрыс тамақтану және спортпен шұғылданудың маңызына тоқталды.

4. Төртінші мәселе бойынша: Топ тәрбиешісі А. Шманова ата-аналарға арналған «Ата-ана балабақшаға келгенше балаға не үйретеді?» тақырыбындағы әлеуметтік-педагогикалық сауалнаманы таратты. Бұл сауалнама отбасындағы бала тәрбиесінің бағыттарын анықтау, баланың балабақшадан тыс уақыттағы бос уақытын ұйымдастыру ерекшеліктерін білу мақсатында жүргізілді. Ата-аналар сауалнама сұрақтарына мұқият жауап беріп, парақшаларды тәрбиешіге тапсырды.

Қаулы:

1. «Балдәурен» ересек тобының 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмыстарының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын. Келесі оқу жылында мектеп алды даярлық жұмыстарына баса назар аударылсын.
2. «Жүрек жылуы» тренингінен алынған психологиялық кеңестер отбасылық тәрбиеде үнемі қолданысқа енгізілсін.
3. Медбике С. Ашықбайдың баяндамасында айтылған ескертулер негізге алына отырып, жазғы уақытта балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-аналарға міндеттелсін.
4. «Ата-ана балабақшаға келгенше балаға не үйретеді?» сауалнамасының қорытындысы назарға алынып, келесі оқу жылында отбасы мен балабақшаның өзара ынтымақтастық жұмыс жоспарын құруда қолданылсын.

Жиналыс төрайымы:  Шманова А

Хатшы:  Шманова А

